

Карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 25 маусымдағы № 286 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 шілдеде № 4952 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 2 наурыздағы № 87 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 02.03.2020 № 87 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9–1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысының аумағында аудандар мен Арқалық қаласының кескінінде карантиндік объектілердің таралу ошақтарында карантиндік режимді енгізе отырып, қосымшаға сәйкес жалпы аумағы 802827,945 гектарда карантиндік аймақ белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Ш. Жақыповқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешендегі
мемлекеттік инспекция комитетінің
Қостанай облыстық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ Б. Мейірманов

Әкімдіктің
2014 жылғы 25 маусымдағы
№ 286 қаулысына қосымша

Арқалық қаласы мен аудандар бөлінісінде карантинді объектілердің таралу ошақтарының тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 17.04.2017 № 186 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

р/с№	Аудандар мен қаланың атауы	Залалдану алаңы (гектар)	Өңдеуге арналған алаңы (гектар)
1	Алтынсарин	62887,55	2139,439
2	Амангелді	15637	447,28
3	Әулікөл	50600	136,0996
4	Денисов	66443	172,5576
5	Жангелдин	5400	277,1531
6	Жігітқара	26922	50,514
7	Қамысты	11820	53,48
8	Қарабалық	14134,1	408,7609
9	Қарасу	130738,7	618,092
10	Қостанай	52283	511,91
11	Мендіқара	29390	51,6848
12	Науырзым	22620	273,346
13	Сарыкөл	41316,5	78,284
14	Таран	33199	757,118
15	Ұзынкөл	37019,4	76,7866
16	Федоров	52876	615,4
17	Арқалық қаласы	57854	522,814
	Облыс бойынша жиыны	711140,25	7190,7196